

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ – ҰЛТ КЕЛЕШЕГІ

Абдуллина Жансая, Жумағали Лязиза

zhansaya.abdullina@mail.ru miss.lyaziza06@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Әлеуметтік ғылымдар факультеті, мәдениеттану 1-курс.

Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – Алькеева Д.С.

«Келешекке кемел біліммен!» Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев бастауымен, келешек ұрпақ қамымен сапалы білім алдығы мақсатқа айналды. Әлемдік білім кеңістігінде қоғамға бейім, жан-жақты дамыған қабілетін таныта алатын, бірнеше тілді меңгерген, құзіретті тұлғаны қалыптастыру – басты міндет.

Әлеуметтік маңызы бар «Үш тұғырлы тіл» жобасының мәнін аша отырып хабарлау және көптілділіктің жас ұрпақ әсері мен пікіріне шолу мақсат алып отырмыз.

Үш тілдің (қазақ, орыс, ағылшын) халық өміріне қарқынды енуі өзекті мәселе болып табылады.

Тұғыр дегеніміз – қазық, дінгек дегенді білдірсе керек. Бір шаңырақты көтеруге бір қазық жеткілікті. Ал еліміздегі үш тұғырлы тіл – жан-жақтан қадалған уықтай, шаңырақтың шайқалмауына, керегеміздің кең болуына ықпал жасамақ.

Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауын қай істі болса да өнер деп білген, өмір жолын еңбек жол деп сүйген, Отан үшін жалынға шарпылып, отқа күйген ел перзенттеріне жолдады. Замана талқысына көнбейтін, талап пен талантын жегіп, терін төгіп, құлашын кең сермейтін, батыр да батыл өр адамына айтады. Қате басқан жері болса, қайталап түзеп, өз мінін өзі мінеп, сүрінсе мұқалмай, бір тізерлей тұрып, қайта түлеп, озық кеткен қатарына жетіп, одан әрі өтетін озат ұл-қызына айтады. Мәңгілік Елдің тамыры ұлт тарихында, ұлттың тілі мен ділінде. Халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат-мұрат-«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы. Қазақ тілі-елдің қазынасы. Қазақ тілінің шырыны-бабалар өсиеті.«Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз». «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.

Тіл-халықтың ең негізгі байлығы. Қазір заман талабына сай үш тұғырлы тіл саясатын бәрімізде қолдаймыз. Тіл білу – байлық. Әсіресе, өркениетті еліміздің дамуына үлес қосқымыз келсе, көп тілді игерген азаматтарға қарап қуанатынымыз да белгілі [1].

Үш тұғырлылық – заман талабы. Бұл саясат аясында шетел тілін үйрену арқылы қолданысқа енгізу және кеңейту – өзекті мәселе қатарында болып табылады. Бірақ шетел тілдерін қолға ала отырып, мемлекеттік тілге бей-жай қарауымыз жөн емес. Осыған орай, Н.Ә.Назарбаевтың бастауымен ана тілімізді балабақшадан бастап бала санасында тұрақтандыру тәрбиеші-педагогтардың мойнында болмақ. Бұл жерде:

«Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте!»- деген Қ.Мырзалиевтің өлеңін айтпай кете алмаймыз.

Тіл- тек қана бір қатынас құралы ғана емес, ол сол халықтың тарихы, мәдениеті, өмір салт-дәстүрін, толық болмысы мен бет-бейнесін көрсететін құрал. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек. Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі... Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек деген болатын. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір

азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» деп, қазақ тілі және тілдердің үштұғырлы мәселесіне кеңінен тоқталды [2].

Қазіргі таңда әрбір азамат үшін шет тілдерін меңгерген абзал. Тіпті тек үш тілмен шектелудің қажеті жоқ.

Орыс тілі бізге бұрынғы Кеңестер Одағының құрамында болған республикалар өкілдерімен қарым-қатынас орнықтыруға мүмкіндік береді. Рас, кезінде орыс елі біраз тізесін батырды. Оны Елбасымыз да айтып отыр. Бірақ, билік басындағылардың кінәсі үшін қарапайым орыс халқына ренжуге болмайды. Сайып келгенде, Пушкин мен Лермонтовтың, Чехов пен Шолоховтың, Достоевский мен Тургеневтің тілін қалайша жоққа шығарамыз?

Осы орайда Елбасы кейбір орыс сөздерінің қазақ тіліне қарадүрсін аударылып жатқандығына да реніш білдірді. Қазір солардың кейбірі қолданысқа кіріп, газет-журналдардың да тіліне айналғанымен, кемшілігі де бар екен. Ендеше, содан да сабақ алуымыз керек. Әрине, әр сөздің қазақша баламасы болғаны жөн. Әйтсе де, ана сөзді де, мына сөзді де тықпалап, бай тілімізді бүлдіріп алмайық.

Ал, ағылшын тілі әлемге жол ашатын тың соқпақ емес пе?

Бүгінде оны дүние жүзі халқының 70 пайызы тұтынады екен. Ол, Елбасы айтқанындай, іргелі ілімге бастайды. Ал, ағылшын тілін меңгерудің, әсіресе, біздің өңір үшін маңызы ерекше. Атырауда шетелдік инвесторлардың қатысуымен іргелі жобалар жүзеге асып жатыр. Оларға шартараптан мамандар тартылуда. Міне, солармен өз тілінде тікелей тілдесудің артықшылығы көп. Сондықтан, мұнайлы мекен тұрғындарының ағылшын тілін меңгеру деңгейі әзірге 7,8 пайыз болып отырғандығы тым аз [3]. Ағылшын тілін үйренуді тек қажеттілік деп санауға да болмайды. Бұл ең алдымен, елдің білім деңгейін көтеру. Соған байланысты 2016 жылдан бастап, мектептерде жеке пәндерді (биология, химия және т.б.) ағылшын тілінде өту өріс алды.

Мысалы ел астанасында №67 мектеп-гимназиясында оқушыларға 6 тіл оқытылады. Балалар 1- сыныптан бастап қытай тілін меңгерсе, 4-сыныптан француз және қытай тілдері енгізілген. Бұндай мектептер Елордада аз емес (№5 гимназия, №81 мектеп), және жыл сайын саны артуда.

Осы кезеңде еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі іс-шаралар, бағдарламалар жүзеге асуда. Мектептер мен Жоғары оқу орындары және т.б. мекемелер аясында жастардың қызығушылықтарын ояту жолында педагогтар жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар, мұғалімдердің басым бөлігі бұл бастаманы қолдайды. Мысалы: «Қазіргі таңда біздің мектеп-гимназиямыздың ағылшын тілін жетік меңгерген түлектері халықаралық үлгідегі сертификаттар иеленіп, Қытай, Малайзия, Ұлыбритания, Чехия, Түркия, АҚШ, Швеция мемлекеттерінің колледждері мен университеттерінде тегін білім алуда. Оған қоса, еліміздің алдыңғы қатарлы тілдік жоғары оқу орындарында бірқатар үздік оқушыларымыз мемлекеттік грант негізінде шет тілі, шығыстану, филология, халықаралық құқық мамандықтарына даярлауда. Оқушыларымыз тілдік қабілеттерін жетілдіру мақсатында жылда Үндістан Ұлыбритания, Польша мемлекеттеріне барып, тілдік курстар мен конференцияларға қатысып отырады. Үштілді сыныптарда сабақ беретін қазақ тілі мен әдебиеті, сонымен қатар, орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімдері де өте тәжірибелі ұстаздар. Ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері де жетерлік,»- деп, Алматы қаласы М.Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназия директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары Әсем Қашқынбекова атап көрсеткен.

Дамыған өркениетті 50 елдің қатарына қосылу мақсатында жүргізіліп отырған «Үш тұғырлы тіл» саясаты елдің ертеңі үшін керек. Мәселен, Қазақстанда заң мамандары, экономика мамандары өте көп және жұмыссыз. Бірақ, көп компаниялар мен кәсіпорындар заңгерлер мен экономистерге зәру. Осы олқылықтарды толтыру мақсатында «Үш тұғырлы тіл» идеологиясы дүниеге келіп отыр. Яғни, елімізге қажетті, үштілді меңгерген, кез келген жерден ақпарат ала алатын, өз ісінің білгірі, бүкіл әлем бойынша коммуникацияға түсіп, жер бетінің кез келген нүктесінде бизнес жасайтын кадрлар ауадай қажет. Аталмыш кадрлар мәселесін «Үш тұғырлы тіл» саясаты оп-оңай шешіп бере алады [4].

Біз өз елімізде өз ана тілімізде, қазақ тілінде сөйлеуге міндеттіміз. Өйткені, тіл – біздің қазақтығымыздың кепілі. Мемлекетіміздің мызғымас нышаны. Мемлекеттік тілге деген көзқарас өзгермей, ештеңе де өзгермейді. Қоғам мен қоғамдық сана өзгерген сайын тіл де өзгеріп отырады. Біздің орталықтың ұжымы заман ағымына сай өздеріне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқаруда. Әрине, кез келген азаматтың үш тілде сөйлегені дұрыс, үш тілді қатар меңгергеннен, тіл білгеннен ешкім де ұтылмайды. Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру [5].

Қазіргі заман адамдарының талабы - сөйлесу. Әр адам үйден шыққан уақытта ,сөйлесуді талап ететін әлеуметтік ортаға тап болады. Есейе келе ,біз адамдармен ортақ тіл табуды үйренеміз. Бұл әрекеттерді іске қосатын құрал ол - тіл.

Тіл-бұл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, халықтың салт-дәстүрі мен мәдениетті сақтаушысы. Қазақстанның тілдік әралуандығы әрдайым басымдыққа ие болды. Бұл туралы 1997 жылғы "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заң бойынша айтуға болады. Онда қазақ халқының барлық тілдері — ұлттық игілік деп айтылады.

Қазақстан Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев республиканың дамуы үшін білімнің маңыздылығын атап өтті. Атап айтқанда, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйренуге баса назар аудару қажет [6].

Қазіргі заманда, Үштілділік - бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтың бірі. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның экономикасына және саясатына зор үлес қосты. Оның арқасында жолдаулар мен бағдарламалар өткізіліп,қазіргі уақытта алдына қойған мақсаттары Қазақстан ішінде дамып және орындалып жатыр. Соның бірі – Үштілділік. Ол әрқашан өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Елде бастауыш сыныптардан бастап бұл жоба орындалып жатыр. Бірақ бүгінгі күні үштілділік жобасын алдыға қарай итермелейтін мамандар жетіспейді.

Кейбір мектептерде балаларды бастауыш сыныптардан немесе тіпті балабақшадан ағылшын тіліне оқытуға тырысады, бірақ олар оқу сапасын ұмытып, балаларды тезірек үйренгенін қалайды. Ең басынан балаларға алфавит пен әріптердің естілуінен емес, бірден сөз тіркестері мен жаттығулардан бастайды. Сол себепті осы жобаны алға қарай итермелейтін және дамытатын мамандар өте қажет.

Үш тілдік жүйені енгізу дұрыс шешім болып табылады. Әсіресе, бұл өсіп келе жатқан ұрпақ үшін пайдалы және тиімді. Қазір ештеңе де, ешкім де орнында тұрмайды. Біз уақытпен бірге дамуымыз керек. Қазіргі заман талабына байланысты, ең қажетті тіл - ағылшын тілі, ол әрдайым барлық жерде өзекті болды және болады.Бірақ, сонымен қатар, бірде-бір тіл басқа тілді ығыстырмау керек .Қазақ тілін әр азамат қарқынды және үлкен махаббатпен үйренгені артықшылық етпейді. Жалпы, үштілділік пайда болғаннан бастап біз айтарлықтай алға жылжып, тек жетілдірілген болып жатырмыз.

Үш тілді білім беру жүйесі мектепте де, Жоғары Оқу Орындарында да үлкен рөл атқарады. Әрбір тілді қарастырайық:

- Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады, бұл тіл халқымыздың басқа халықтан ерекшелігін сақтап қалу үшін бізге қажет. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту.Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту[7]. Біз Ресей империясының отарында болып үлкен тәуекелге ұшырадық, қазір біз оның салдарын көріп отырмыз;

- Орыс тілі-еліміздегі ұлтаралық тіл. Біздің елімізде 140 жуық ұлт өкілдері өмір сүретіндіктен, осы халықтарлы біріктіретін тіл қажет;

- Ағылшын тілі халықаралық тіл болып табылады және ол елдің дамуына ықпал етеді.

Мектепте үш тілді үйрену қиын болуы мүмкін. Елімізде тілдік тосқауылдарға қатысты қақтығыстар өте көп. Біздің еліміздің әрбір азаматы қазақ тілін жетік білуі және ағылшын тілін үйренуі керек. Ал орыс тілінен мемлекеттік деңгейдегі міндеттемелерін алып

тастау керек. Үштілділікті еңгізу қоғамда әртүрлі пікірталас тудырды. Кейбіреулер бұл жобаны

енгізуін жақтайтын болса, басқаларында бұған теріс әсермен қарайды.

Одан бөлек, ауыл –аймақтарда ағылшын тілін меңгеруде кадрлар дайындап, мұғалімдер құрамын жасақтау қажет. Осыған байланысты Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті аударма теориясы мен практикасы кафедрасының оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Гүлнар Құсайынова мақаласын «Егемен Қазақстан» газетінде жариялады.

Қазақстанда үш тілде білім беруді еңгізу қазақстандықтардың әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қоса, үштілділік елімізде тұратын басқа халықтардың арасындағы өзара ынтымақтастық және коммуникативтік байланысын арттыруы мүмкін және қазақ тілін меңгеруіне жағдай жасайды.

Бүгінгі күні барлығы мүмкіндігінше көп тілдерді үйренуге тырысады. Өйткені, тілдерді білу бізге болашақта көптеген мүмкіншілік береді. Біріншіден, әртүрлі ұлт өкілдерімен байланыс. Мысалы, егер сіз басқа елге сапарға немесе тіпті жұмыс істеу үшін барсаңыз, олардың тілін білу қажет. Екіншіден, перспективалық жұмыс. Басқа тілдерді біле отырып, сіз елде де, шетелде де жақсы жұмыс таба аласыз. Жұмысқа орналаса отырып, әрдайым шет тілін білу қажет. Үшіншіден, тілдерді оқыту кезінде біз олардың мәдениетін үйренеміз, сол арқылы ой-өрісін кеңейтеміз.

Бұл фактілерге сүйене отырып, ата-аналар өз балаларын шет тілін үйрену үшін түрлі курстарға жібереді. Біз практикалық жұмыссыз бірдеңені үйренуге болмайтынын білеміз.

Егер балаларды үш тілде оқытатын болса, онда оларда ешқандай кедергілер болмайды. Сондай-ақ, оларға қиын болатынын түсіну маңызды, бірақ мұның бәрі олардың игілігі үшін және әр жолы олар өз дағдыларын жетілдіретін болады, болашақта басқа тілдерде еркін түсінетін және сөйлейтін болады. Оған қоса, үш тілді оқыту мектебін бітіргеннен кейін, олардың басқа елге өз білімін нығайтуды жалғастыруға мүмкіндігі пайда болады.

Біздің Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев "Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар" мақаласында үштілділіктің латын әліпбиіне көшуіне тиетін септігін айтып өткен.

«Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім.

Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасыр-дағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес»[8].

Тұңғыш Президентіміздің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Халқына Жолдауында: “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деген салиқалы үндеуінде айтқандай, әлемдік кеңістікке енуде ағылшын тілінің маңызы зор. Жалпы әлемге әйгілі тұлға Әбу Насыр Әл-Фараби IX-X ғасырдың өзінде-ақ 70-ке жуық тіл білген екен. Қазіргі бейбіт, дамыған заманда 3 тілді меңгеруді көпке санау, ол тек еріншектің, жалқаудың сылтауы деп қана түсінуге болады. Адам қанша тіл білсе, сонша мәдениет, сол елдің салт-дәстүрін біледі, басқа ұлтқа көзқарасы өзгереді және де рухани байлыққа кеңеледі [9].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
2. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері,
3. Әбдуәли Т. Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31. 2008

4. Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48.2008
5. Ғабжәлелов Х. // Тасжарған, №18. 2008
6. «Трехъязычие как пропуск в большой мир» (электрондық ресурс)
<https://www.google.kz/amp/s/www.nur.kz/amp/1618075-trekhyazychie-kak-propusk-v-bolshoy-mir.html>
7. Рухани жаңғыру: Оқу әдістемелік құрал / Н.Шаяхметов.-Эверо,2018.-100 бет.
8. Назарбаев Н.Ә. Рухани жаңғыру:Болашаққа бағдар // Нұр-Сұлтан 12 сәуір,2017
9. Электрондық ресурс : <https://bilim-pavlodar.gov.kz/blog/view/94/4772>